

ӨНЕРГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ

«Өнер» терминін екі мағынада анықтауға болады. Кең мағынасында өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді де, «ендіру», «жасау», «құру» деген негізден өрбиді. Мысалы, көне гректердің өнерді білдіретін ұғымы «poiesis» – адам қолынан шыққан, өндірілген заттар әлемі ретінде табиғи әлем – «physiske» қарама-қарсы қойылған. Тар мағынасында «өнер» деп көркем шығармашылық үдерісін және оның нәтижелерін (бейнелеу, поэзия, әуен, би және т.б.) айтуға болады.

Адам қандай бағытта оқып жүрседі, егер оның сүйген ісі өзге болса, онда сол бағытта жұмыс жасағаны дұрыс. Не болмаса, барлық өзінің қабілетін сынап, қайсысында жетістікке жете алады, сол бағыт бойынша жұмыс жасағаны абзал. Неге десеңіз, адам өз сүйген ісін жан-тәнімен беріліп жасайды және ол оған жұмыс деп емес, демалыс ретінде қарайды. Міне, адамның жеткен бастапқы жетістігі осы емес пе?! Міне, біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-дан осындай көптеген талантты адамдар шығып жатыр десек, артық айтқанымыз болмас.

Құлақтан кіріп, демалдырар адамды,

Өлең айтсаң біле білгін шамаңды.

Бір ғажайып көрсем егер құбылыс

Байқамай мен алып қоям қаламды.

Өнерлі адам ол ешқашан өнерін ішінде сақтай алмайды. Себебі ол өнер өзгелерге жетуі керек. Өзгелердің құнышын қандырып, керемет сезімге бөлеуі керек. Ол мейлі ән, мейлі би, мейлі басқа өнер болсын, ол іште тұншығып жата алмайды. Ол сыртқа шығып өзіне нәр алады, күш алады, сол үшін егер бойыңызда өнер болса еш тайсалмаңыз, ұялмаңыз, оны сыртқа шығарыңыз.

Сидоров Я.В., Зазулин Д.М.

ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Шопенгауердің «Дені сау кедей – ауру корольден бақытты», – деген қанатты сөзі өте орынды айтылған. Дені саулық – жаны сау. Әрине, денің сау болмаса, рухани сауыға алмасың тағы бесенеден белгілі. Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің ертеңгі жалғасы.

Бізге алдағы мақсаттарымыздың орындалуы үшін деніміздің саулығы ең басты рөл атқарады. Сол үшін денсаулықты күту басты өмір талабы. Осыған байланысты елімізде Вегетариандық өмір салтын ұстанушылар күн санап көбеюді. Соның бірі Қазақ Ұлттық университетіміздің түлегі Мұстафин Дастан бізге мысал бола алады. Ол екі жылдан бері ешқандай ет өнімдерін қолданбайды. Соның ішінде, балық еті, тауық еті, қызыл етті мүлдем қолданбайды. Дастанның сөзіне сенсек, ет қолданбағаннан бастап, оның денсаулығы жақсарған, күнделікті өзін өте жақсы сезінеді, шаршамайды, спортпен шұғылданады және бөріңізді салауатты өмір салтын қолдануға шақырады. Дастан тек спортпен емес, сонымен қоса екі аптада бір донор болып қан өткізіп тұрады. Бұл әрине, қуантарлық жағдай.

Нурахметова С.Ж., Буркова Н.А.

АСПАН ӘЛЕМІ – СЫРҒА ТОЛЫ ӘЛЕМ

Аспан әлемі – сырға толы әлем. Ғарышқа адамдар ұшып барып келіп жатырған ғасырда не қылған жұмбақ дерсіз? Алайда күндіз көгілдір, түнде түпсіз тұңғыық аспанға қарап жатып, аржағында не бар екен деген ойға қалмау мүмкін емес! Мен де солай ойлаймын. Әрине, ғылымның дамыған заманында, көзі ашық, көкірегі ояу адамның аспанда не бар екен деп ойлануы күлкілі де шығар? Ондағы жұлдыздар, аспан денелері, құйрықты жұлдыздар, осы күнге дейін ашылмаған жұлдыздар – бәрі тылсым дүниенің жұмбағы емес пе? Мысалы, «Жетіқарақшы», «Үркер», «Таразы» тағы да басқа шоқжұлдыздар атауы қалай пайда болды? Бұл да мен үшін қызық. Қазақ халқы жұлдыздарға, аспанға қарап, ауа райын болжайды. Мысалы, жаңа ай шалқасынан жатып туса, күн суық болады, жұлдыз көп болса, күн ашық болады. «Халық айтса – қалып айтпайды» дегендей, өмірдегі тәжірибесімен-ақ дана халқымыз аспанға ұшпай-ақ, аспан әлемінің сырын білген сияқты.

Біз алдымызға орта географиялық ендіктерде көрінетін барлық шоқжұлдыздарды танып-білу мәселесін қоймаймыз, олардың кейбіреулерімен ғана шектелеміз. Ол үшін біз сурет пен жұлдызды

аспанның картасын пайдаланатын боламыз. Әуелі Үлкен Аюдың бета және альфа жұлдыздары арқылы Кіші Аюдың альфа жұлдызын табамыз. Бұл ТЕМІРҚАЗЫҚ, осы жұлдызбен Кіші Аю шоқжұлдызы «ожауының» сабы аяқталады. Темірқазықтың астыңғы тұсында көкжиекте солтүстіктің нүктесі бар. Мұны білу арқылы қай жерде тұрғаныңды, әлемдегі елдерді (солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс) оңай анықтауға болады. Егер де Үлкен Аюдың эпсилон жұлдызы арқылы Кіші Аюға қарай кететін сызықты ойша одан әрі жалғастыратын болсақ, онда біз жарық жұлдыздары көзге төңкерілген М әрпін елестететін шоқжұлдызды көреміз. Бұл ҚАРА ҚҰРТ (Кассиопея) шоқжұлдызы. Орта ендіктерде Үлкен Аю, Кіші Аю және Қарақұрт шоқжұлдыздары жыл бойы батпай, батпай көрініп тұрады. Сондықтан да жұлдызды аспанмен біз осы шоқжұлдыздарды іздеуден бастадық. Міне, осы және өзге де қызықты мәлімет білгіңіз келсе Қазақ Ұлттық университетіндегі Такибаев Н. Ж. бастаған «Астрофизика» үйірмесін жасаған болатын.

Бақтораз А.Е., Мухамеджанов Е.С.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА...

Қара шаңырақ ҚазҰУ-дан шыққан әрбір түлек, үлкен маман иесі атанары анық. Неге десеңіз? Әрбір бітірген түлек, соның ішінде педагогика саласында жұмыс жасап жатқан шәкірттеріміз бізді жақсы жаңалықтарымен, жұмысына жеген сүйіспеншіліктерімен қуанытып отырады. Бүгін сол шәкірттердің бірінің жазбасымен сіздермен бөліскім келіп отыр. «Талғардағы №1 лицей-интернатына келген күнім әлі есімде. Ешқандай тәжірибесі жоқ адам болатынмын. Ұстаздық қызметті осы сәттен бастадым. Мектеп оқушылар көрдім, дайындалғанымша сабақ өттім. Біраз күндерден кейін, жұмысқа асығып баруды шырғардым. Бұның бәрі нәліктен десеңіздер, бәрі оқушыларымыздың арқасы дер едім. Себебі, олар маған шабыт сыйлады, жұмысқа деген құштарлықты оятты. Осылай мен өз жұмысымның қаншалықты жауапкершілікті талап ететінін біле бастадым. Уақыт өте мұғалімдікпен қоса, тәрбиешілікті де қоса алдым. Басында осының бәріне үлгері аламын ба? – деген үлкен сұрақ тұрды. Бірақ бар күшті жинап, оқушылар үшін осылай жасауға шешім қабылдадым. Бұл қозғалысқа бірақ осы уақытқа дейін өкініп көрмеппін. Ұстаз болу, осыншалықты керемет пе еді? Оқушылардың шын көңілмен, ақ жүреппен жымыған бала күлкісі адамды жібітіп, шаршағаныңды басатындай күш сыйлайды екен. Бұл не құдірет?! Міне, осылай уақыт өте берді. Мұндағы суретте көріп отырғандарыңыз, менің алғаш өткен ашық сабағымнан естелік. Қобалжуға толы бұл күн, балалардың маған қаншалықты жақын, менің

сабағым оларға қаншалықты қызықты екеніне дәлел болған бір сәт еді. Осы бір сыныптың сынып жетекшісі және тәрбиешісі болған өзімді әрқашан бақытты санаймын. 9 ұлымның асар асуы, алар белестері әлі мол деп білемін. Осыған дейінгі жасалған еңбектер осылар үшін десем артық айтқаным болмас. Бұлар мені есейтті, өзіме қатысты жағдайды ойлауға мүмкіндік бермеді, бірақ осының бәрі адамға қуаныш сыйлайды екен. Тіпті, кей уақыттағы шаршаудың өзі, керемет шаршау секілді. Қазіргі таңдағы тілерім, оқушыларым ертеңгі күн үлкен биіктерден көрінсе деймін, Заңғарым атына сай биік шыңды бағындырып, Нұрмұхаммед өз саласында үлкен жетістікке жетіп, Бақдаулетім дәулетті азамат болып, Айбыным адуынды арыстандай мықты болып, Кемелбек өз мақсатына жетіп, Рамазан сүйікті ісімен өмірін жалғап, Нұрсұлтан белді бір орында отырып, Алишан өз қалаған ісінің маманы атанып, Мағжан ақылына сай, жоғарғы бір қызметтерде отырса, жалпы барлығы өз аңсаған армандарына жетсе, соған менің титтей де болсын үлесім болса, міне ұстаздық жолдағы бақыт деген осы шығар, сірә. Мен мұнда өз жетекшілігімдегі сыныбым жайында айтып отырмын, әрине, өзге мен беретін сыныптардың барлығын да дәл осындай мейіріммен жақсы көремін, сыйлаймын, қадірлеймін». Осылай жұмысына деген шексіз махаббатты бүгінде жастарымыз бере алатын болса, біздің болашақ жарқын болары анық.

Рустембаева С.Б., Нурбакова Г.С.

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ!

Мың ғасыр өтсе де ұстаздың аты және «ұстаз» деген ұғым өлген жоқ. Өйткені қай дәуір болмасын, ол қоғамға ұстаздың еңбегі керек-ақ. Әр таңның атысы мен әр күннің батысы өзінің емес, сіздің қамыңыз үшін қамығып жүретін әрбір ұстаз атаулы жандардың еңбегін ұлы демей не дейсіз.

Бүгінгі айтылар әңгіме куратор жайында өрбімек. Жоғарғы оқу орнына түскен уақытта алдыңнан бірінші кездесетін адам, ол – куратор, басқаша айтқанда мектепте сынып жетекші болса, мұнда ол жетекші – куратор. Мен куратор қандай болуы керек? – деген сауалға былайша жауап берер едім. Негізгі көкейдегі ой, ол студенттерді жақсы көре білу. Егер сен қандай жұмысты болмасын үлкен құлшыныспен, зор махаббатпен жасасаң, ол жұмыс саған жемісті болады, сенің бақытыңның бір бөлігіне айналады. Міне, осы сынды кеңесті студентке беру үшін, бұл сөздерді өзің де қолдана алуың керек. Әрбір жыл осы салада жұмыс жасаған сайын сенің тәжірибең молайтыны хақ, әрқашан ізденісте болу керек. Яғни, осы салада

жүргендіктен студентті қандай жағдайда тұлға етіп қарастыра аламыз, міне, осы мақсатты алға қойып, бар білгенді үйретіп, қажетті кітап түрлерін айтып, қандай мамандықта болмасын, қоғамдық өмірге де белсене ат салғызып, жан-жақтылық қабілетін аштырып, өмірге деген құлшынысын арттыра білсе, міне сонда ғана куратор-куратор ретінде бақытты деп білемін.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірт. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірт үшін ұстаздың қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім.

Осы тұста қара шаңырақ ҚазҰУ-ге келгеннен өз тәжірибесімен бөлісіп, шәкіртіне деген ақ көңілі мен көмегін аямайтын кураторларға ерекше алғыс айтқымыз келеді.

Рысбекова А., Ален С., Жусупов М.